

Тарбағатай ауданының Ойшілік ауылдық округінің Томар ауылында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 03 қыркүйектегі № 516 қаулысы

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-бабы 2-тармағының 10) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31- бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының аумақтық бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 23 шілдедегі № 463 ұсынысы негізінде Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тарбағатай ауданының Ойшілік ауылдық округінің Томар ауылында ірі кара малдары арасынан шыққан бруцеллез ауруының ошағы түбегейлі жойылуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. "Тарбағатай ауданының Ойшілік ауылдық округінің Томар ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Тарбағатай ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 26 тамыздағы № 373 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3498 болып енгізілген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С.Жақаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Д.Оразбаев